

ИГІЛІК



«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НЫҢ ЕРІКТІ
ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

МАЗМҰНЫ:

- «Теңізшевройл» ЖШС туралы 5-6
- «Игілік» – ТШО-ның корпоративтік жауапкершілік жөніндегі стратегиясының бір бөлігі 9-10
- «Игілік» жобалары:
 - Білім беру 15-17
 - Денсаулық сақтау 18
 - Инфрақұрылым 19-20
 - Өзге жобалар 21
 - Мәдениет үйлерінің құрылысы 22



Біздің стратегиялық мақсатымыз – Қазақстан Республикасы мен Атырау облысына, қызметкерлеріміз бен серіктестерімізге барынша мол пайда әкелу.



ТШО 1993 жылы Атырау облысын әлеуметтік тұрғыдан дамыту мақсатында бюджеті 50 млн АҚШ долларын құрайтын 5 жылдық «Атырау Бонус Қоры» бағдарламасын жүзеге асыра бастады.

ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



ИГІЛІК

ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



Табысты жүзеге асырылған «Атырау Бонус Қоры» бағдарламасын жалғастыра отырып, ТШО 1998 жылы бастапқы бюджеті 4 млн долларды құраған «Игілік» ерікті әлеуметтік бағдарламасын құрды. Бағдарлама бюджеті біртіндеп ұлғайып, бүгінгі күні 25 млн АҚШ долларына жетті.



Құрметті оқырман!

Қазақстанның ірі мұнай компаниясы – «Теңізшевройл» ЖШС-ға қызығушылық танытқаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

ТШО шикі мұнайды, сұйық және құрғақ газды, сонымен бірге күкіртті жайғастыру, өндіру және өткізумен айналысатын қазақстандық серіктестік. Қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық жұмыстар халықаралық талаптарға сай жүргізілуде.



ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

ТШО мыңдаған жұмыс орындарының құрылуын, Қазақстан Республикасына миллиардтаған АҚШ доллар түріндегі төлемдерді, жергілікті кәсіпкерлік пен өз қызметкерлеріне жасалған жаңа мүмкіндіктерді қоса алғанда айтарлықтай экономикалық пайда әкеліп отыр.

ТШО ұжымы өз қызметінің басынан бері өндіріс көлемін арттыруда ғана айтарлықтай жетістіктерге жетіп қойған жоқ, өндіріс көлемі 2000 жылмен салыстырғанның өзінде 2,5 еседен артық өсті! Біз өндіріс пен адамдар қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғау, еңбек шарттары мен қызметкерлердің демалысын қамсыздандыру мәселелеріндегі әлемдік деңгейдегі жетістіктерімізді мақтан етеміз. «Теңізшевройл» аймақтағы шағын және орта бизнесті қолдауға көп көңіл бөледі және қазақстандық өндіруші компаниялардың сапа жағынан өсуіне септігін тигізе отырып, жобаларындағы қазақстандық қамтуды үздіксіз жоғарылатуға ұмтылуда.

Бізде қызметкерлерді дамытуға арналған икемді және алуан түрлі бағдарлама бар, ол біліктілікті арттыру курстарын ғана емес, сондай-ақ қосымша жоғары білім алуға қолдау көрсету, шетелде тағылымдамадан өтуді қамтиды. Біз өз ұмтылыстарымыз бен нақты жобаларымыздың қоғам мен Қазақстан Республикасы тарапынан, атап айтқанда, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсында жоғары бағаланғанын мақтан тұтамыз!

Әйтсе де, қолыңыздағы басылымда егжей-тегжейлі әңгімеленетін «Игілік» ерікті әлеуметтік бағдарламасы біздің ұжымның ерекше мақтанышы болып табылады.

Ешнәрсені тәптіштемей-ақ, 1998 жылы біздің ұжым қызметкерлерінің жан жүрегінен идея ретінде туындаған «Игілік» бағдарламасының Қазақстанның мұнайлы астанасы – Атыраудың инфрақұрылымдық дамуына күшті серпін бергенін атап өтеміз. Облыс орталығын көріктендірген жаңа заманауи ғимараттар, көп функциялы медициналық емханалар мен орталықтар, жақсы жабдықталған мектептер мен басқа да оқу орындары пайда болды. «Игілік» бағдарламасының қоры сумен жабдықтау жүйелері мен электр желілерін жетілдіруге, қаланың ықшам аудандары мен ауылдық елді мекендерін көптен күткен газдандыруға мүмкіндік берді. «Игілік» жобаларының адамдар өміріне оң әсерінің жарқын мысалдарын көптеп келтіруге болады – сіздер олар туралы оқисыздар.

Бағдарламамыз тамаша, толық гуманистік мазмұны бар атқа ие. Жақсылық – көп қырлы түсінік, ол өзен секілді өз арнасына көптеген жылғалар мен ағындарды тартады. Біз «Игілік» әлеуметтік бағдарламасының игі мәні өзінің тартымдылығы мен құндылығын алдағы жылдары да сақтайды деп сенеміз.

Тед ЭТЧИСОН,
«Теңізшевройл» ЖШС
бас директоры




Әнуарбек ЖӘКИЕВ,
«Теңізшевройл» ЖШС
бас директорының орынбасары





«Теңізшевройл» ЖШС 1993 жылы Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасындағы келісім негізінде құрылды. «Теңізшевройл» ЖШС-нің қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон Оверсиз Компани» корпорациясы – 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» – 25% және «ЛукАрко» – 5%.

ТШО Қазақстанның батысындағы Атырау облысында орналасқан Теңіз және Королёв кен орындарында мұнай өндірумен айналысып келеді және көмірсутегі шикізатының әлемдегі ірі өндірушісі және жеткізушісі болып табылады.



ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



Екінші буын зауыты

2008 жылы кәсіпорында негізгі қуаттылықты кеңейту жобасы табысты аяқталып, Екінші буын зауыты мен Шикі газ айдау кешені өндіріске қосылды. Нәтижесінде орташа тәуліктік өндіріс көлемі 75 мың тоннадан астам (600 мың баррель) мұнай және 22 млн м³ табиғи газды құрады.



Шикі газ айдау кешені



Рзабек Артығалиев, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері: – ТШО-ның ерікті «Игілік» бағдарламасы Атырау облысының әлеуметтік өзгеруінің маңызды факторына айналды. Бағдарламаның жылдық қоры 1999 жылы 4 млн АҚШ долларынан басталып, 2013 жылдан бері 25 млн АҚШ долларын құрап отыр. «Игілік» – бұл емханалар, мектептер, үйлер, газ және су құбырлары, т.б. ғана емес, бағдарлама жобалары мен жұмсалған қаржыны тізіп шығу қиындық әкелмейді. Сонымен қатар ол – жаңа жұмыс орындары, жаңа білім деңгейі, жергілікті медицина үшін жаңа мүмкіндіктер. Бұл – даму, бұл – өзгеріс, бұл – есеп түріндегі емес, іс жүзіндегі жақсылық.



ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



1993 жылдан бастап 2016 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығындағы ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаражат төлемі

114 миллиард АҚШ долларын

құрады, бұл қаржы қазақстандық қызметкерлердің жалақысы, отандық өнім шығарушылар мен жабдықтаушылардың тауарлары мен қызметтерін сатып алу, мемлекеттік кәсіпорындарға жасалған төлемдер, қазақстандық серіктеске төленген дивидендтер, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке салықтар мен роялти түрінде аударылатын қаражатты қамтиды.

1993 жылдан 2016 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығында ТШО Атырау облысының тұрғындары мен қызметкерлеріне арналған түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға

**1,2 миллиардтан астам
АҚШ долларын**

жұмсады.



Мария Қаражігітова, мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі директор:

– Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары экономикалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз ету жолында мұнай саласына маңызды рөл берілген болатын. Қазіргі таңда Қазақстан әлемдегі 20 ірі мұнай өндіруші мемлекет қатарына кіреді, ал Атырауға мұнай және іскерлік орталығы рөлі бөлінген. «Теңізшевройл» өзі құрылған алғашқы күндерден бастап Атырау қаласы мен Жылыой ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға белсенді түрде ат салысып келеді. Теңіздің өндірістік қуаттылығының қарқынды дамуы, қызметкерлерді дамытуға арналған салымдар, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтағы адами әлеуетке арналған әлеуметтік инвестициялар – бұл Қазақстанның келешекте көркеюі үшін экономиканың орнықты негізіне деген компанияның үлесі.

«ИГІЛІК» – ТШО-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ

Әу баста, 1993 жылы ТШО бюджеті 50 млн АҚШ долларын құрайтын 5 жылдық «Атырау бонус қоры» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алды, бағдарлама Теңіз Жобасы жөніндегі шарттың бір бөлігі бола отырып, Атырау қаласы мен Жылыой ауданының инфрақұрылымын жақсартуға бағытталды. Атырау облысының әкімдігімен бірге тығыз жұмыс істей отырып, қала мен Жылыой ауданының денсаулық сақтау мекемелері мен инфрақұрылым нысандарын жақсартуға бағытталған маңыздылығы жағынан басым әлеуметтік жобалар іріктелді. Барлық жоба 1998 жылы сәтті аяқталды.

Сол жылы ТШО басшылығы «Игілік» ерікті бағдарламасы туралы бастама жасап, ол ТШО серіктестері тарапынан бекітілді. Жоба 1999 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. «Игілік» бағдарламасының аясында қала келбетін өзгерткен және адамдардың өмірін сапа жағынан жақсартқан көптеген жобалар жүзеге асырылды. Бұлар – заманауи

мектептер мен балабақшалар, Құлсары қаласындағы колледж, Атырау қаласындағы сүзгі станциясы, ауылдардағы емханалар мен жанұялық-дәрігерлік амбулаториялар, қаланы газдандыруға ат салысу және Атырау қаласының оң жағалауын жылумен қамтамасыз ету мақсатында қазандығын салу, дене шынықтыру және сауықтыру кешенін салу, Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту сияқты адамдардың өмірі үшін маңызды көптеген әлеуметтік жобалар.

«Игілік» бағдарламасының құрамына ену үшін жоба келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- Көрнекі және қалың жұртшылыққа пайда әкеледі;
- Тұрақты, яғни нысан іске қосылғаннан кейін әрі қарай ТШО-ның кейінгі қолдауынсыз

басқа заңды тұлға теңгеріміне өтеді;

- Компанияның жалпы бизнес стратегиясына сай келеді.


Сонымен қатар, ТШО елді мекендердегі әлеуметтік инфрақұрылымның ағымдағы жағдайы туралы мейлінше толық ақпарат алу мақсатында 3 жыл сайын халық қажеттіліктеріне тәуелсіз бағалау жүргізеді. Осы бағалау барысында сарапшылар халықтың түрлі топтарымен кездесіп, шешім талап ететін және ТШО тарапынан қолдауды қажет ететін ағымдағы мәселелер туралы жан-жақты қанығады. Мұқият қарастырған соң, ұсынылған нысан бағдарлама талаптарына сай келген жағдайда, Атырау облысы әкімдігінің келісімімен оны әлеуетті жобалар тізіміне қосады.



2013-2016 жж. «Игілік» бағдарламасының жылдық бюджеті
25 млн АҚШ долларын құрады

«ИГІЛІК» БАҒДАРЛАМАСЫ БЮДЖЕТІНІҢ АРТУЫ

(МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ)





Карл (Рокки) Браннен, ТШО Жобалар бөлімінің бас менеджері: – Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін жаңарту жобасы, сөзсіз, «Игілік» бағдарламасының тарихындағы ең өр, ең маңызды және ең күрделі жоба болды. Мәселе соңында 65 млн АҚШ долларынан асып түскен қаржы салымының көлемінде ғана емес. «Игілік» бағдарламасы аясында ТШО сумен жабдықтау жүйесін іс жүзінде жаңадан салып шықты. Құлсары қаласы тұрғындарының айтулары бойынша, бұл жоба олардың өмірлерін өзгертіп, келешек ұрпаққа да талай жылдар бойы пайдасын тигізе бермек.



Қанат Ұлханов, ТШО арнайы жобалары бөлімінің жобалау бойынша менеджері: – Облыс тұрғындарының дені еліміздегі ең ірі мұнай компаниясы қызметінің тиімділігін іс жүзінде сезінуде. Осыдан бір жыл бұрын біз Исатай ауданының орталығы – Аққыстауда мәдениет үйін салып, тапсырдық. Бұл бүкіл аудан үшін нағыз мереке болды. Қазір мәдениет үйінде түрлі мерекелік іс-шараларды өткізуден бөлек 12 шығармашылық секциясы (бұрындары үйірме деп атайтын), оркестр, ұлттық би ансамблі жұмыс істейді. Ауыл тұрғындарынан естуімше, өмір ырғағы өзгерді және атмосфера да басқа, жаңа жұмыс орындары туралы айтпасақ та болады, бұл да аса маңызды, әрине. Біздің әлеуметтік бағдарламамыздың үлкен игілігі осында жатыр, ол оның атауынан-ақ белгілі.



ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТА **106 жоба**
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ПЕДАГОГТАР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН

1000-нан АСТАМ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛДЫ





Мақым Ізбасов, Жылыой ауданының әкімі: – Ауданымыздың «Теңізшевройлмен» ынтымақтастығы туралы айтар болсам, оның көп қырлы екендігін және «Игілік» бағдарламасының жобаларын жүзеге асырумен шектелмейтінін атап өткім келеді. Біз ТШО-ның қолдауын әрқашан да сезінеміз, осынша қуатты кәсіпорынның біздің жерімізде болуы – Жылыой ауданының дамуындағы шешуші фактор. «Игілікке» келер болсақ... Ауданымыздың, әсіресе, Құлсары қаласының әрбір тұрғыны осы бағдарламаның өлкеміздің әлеуметтік дамуына тигізетін әсерін күнделікті сезінеді десем, қателеспеймін.



Гүлмира Шынтемірова, Құлсары қаласының тұрғыны: – «Игілік» бағдарламасы туралы не білемін? Қаламыздағы мына тұрған саябақ – «Игіліктің» жемісі, оны ТШО салды. Аудандық емхананы тұрғызды. Мұнай лицейі де – жаңылмасам, қазір колледж деп аталады – «Игілік» бағдарламасы бойынша салынды. Су мәселесі де шешілді, ол да «Игіліктің» арқасы...



ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мэлс Жұмашев, Атырау қаласының тұрғыны:
– Мен өз балаларым секілді осы қалада туып өстім. Бірақ олар басқа – заманауи, әсем және дамып келе жатқан қалада тұрып жатыр. Олар кезінде әйгілі болған гурьевтің балшығын да көрген жоқ, қаланың бүгінгі келбетін мақтан тұтады... Атыраудың ғажап құбылуының ТШО қызметімен байланысты екендігін көрмеу үшін жақсылықты білмейтін адам болу керек шығар. Біз қазір Жайық жағалауымен серуендеп келеміз, ал артымызда мен оқыған университет тұр. Мұның бәрі «Теңізшевройлдың» арқасында салынды, бұлар – біздің қаламызға жасаған сыйы.



ҚҰЛСАРЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУ

- 2014 жылы аяқталды
- Жүйе 50 мыңнан астам тұрғынды қамтыды
- Түрлі диаметрлі су таратқыштардың жалпы ұзындығы – 262 км

Білім беру



Атырау университетіне жапсарлас құрылыс

- Атырау университетіне жапсарлас құрылыс 2000 жылы пайдалануға берілді
- Мыңдаған студенттер үшін жаңа факультеттер мен бөлімдер ашу мүмкіндігі туды: шет тілдер, заң, журналистика, т.б.



Атырау қаласындағы №4 ықшамауданда №30 орта мектеп құрылысы

- 2001 жылы пайдалануға берілді
- Ашылғаннан бергі түлектер саны – 10 мыңнан астам
- Оқушылар саны – 1200
- Ашылған жұмыс орны – 150-ден астам



Атырау қаласының «Атырау» ықшамауданындағы мектеп құрылысы

- 2003 жылы пайдалануға берілді
- Оқушылар саны – 624
- Педагогтар үшін ашылған жұмыс орны – 104



Атырау мұнай және газ институтының қасбетін жөндеу

- 2003 жылы аяқталды



Құлсары қаласында №9 кәсіби-техникалық лицей құрылысы

- Құрылыс мерзімі – 2005-2009 жж.
- Жалпы түлектер саны – 2 мыңнан астам
Олардың 70%-дан астамы жыл сайын мамандығы бойынша жұмысқа орналасады
- Педагогтар үшін 100-ден астам жұмыс орны ашылды



Атырау қаласындағы орта техникалық гимназия құрылысы

- Құрылыс мерзімі – 2012-2017 жж.
- Оқушылар саны – 624
- Жоспарланған педагогтар саны – 102





Ынтымақ ауылында орта мектеп құрылысы

- Құрылыс мерзімі – 2016-2017 жж.
- Оқушылар саны – 120



Атырау қаласында дарынды балаларға арналған ұлттық гимназия құрылысы

- Құрылыс мерзімі – 2014-2016 жж.
- Оқушылар саны – 320
- Жоспарланған педагогтар саны – 37



Балабақшалар құрылысы

Құрылыс мерзімі – 2014-2016 жж.

- Атырау қаласы (60 жұмыс орны ашылды, балалар саны - 280)
- Құлсары қаласы (балалар саны - 290)
- Махамбет ауылы (13 жұмыс орны ашылды, балалар саны - 280)
- Жаңа Қаратон кенті (балалар саны - 280)
- Шоқпартоғай ауылы (43 жұмыс орны ашылды, балалар саны - 160)
- Ақкиізтоғай ауылы (балалар саны - 160)
- Тұрғызба ауылы (балалар саны - 160)
- Қосшағыл ауылы (балалар саны - 160)

Денсаулық сақтау



Құлсары қаласында аурухана құрылысы

- 2002 жылы пайдалануға берілді
- Орын саны – 75
- Қызметкерлер саны – 270



Жаңа Қаратон кентінде амбулаториялық науқастарға арналған емхана құрылысы

- 2005 жылы пайдалануға берілді
- Орын саны (күндізгі стационар) – 10
- Қызметкерлер саны – 15



Ақкиізтоғай ауылында жанұялық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы (Жылыой ауданы)

- 2007 жылы пайдалануға берілді
- Қызметкерлер саны – 8



Инфрақұрылым



Атырау қаласында Жайық өзенінің үстімен өтетін көпірді қалпына келтіру

- 1999 жылы аяқталды
- Асфальт жамылғысы толық алмастырылды



Атырау қаласында Жайық өзенінің жағалауын тұрғызу және нығайту

- 2000 жылы пайдалануға берілді



Атырау қаласы мен Жылыой ауданын газбен жабдықтау

- 2005-2006 жж. жүргізілді
- 100 мыңнан астам адам газбен қамтамасыз етілді



Атырау қаласындағы №3 сүзу станциясын қайта құру

- 2008-2009 жж. жүргізілді
- Қуаттылығы – тәулігіне 30000 м3 су



Атырау қаласын электрмен жабдықтау – тарату бекеттері мен «Жұмыскер» қосалқы станциясының құрылысы

- Құрылыс мерзімі – 2007-2011 жж.



Құлсары қаласында қосымша су құбыры желілерінің құрылысы

- 2015 ж. аяқталды
- Барлығы шамамен 262 км тартылды



Өзге жобалар



Майкөмген ауылының амбулаториясына медициналық жабдықтар мен «жедел жәрдем» машинасын сатып алу, 2009 жыл



Құлсары қаласындағы «Достық» және «Жансая» қоғамдық саябақтарын жетілдіру

- 2014 жылы жүргізілді
- Аумағында балалар алаңдары бар
- 2014 жылы 2 мыңнан астам көшет отырғызылды



Атырау қаласындағы Ретро саябақ

- Құрылыс мерзімі – 2015-2017 жж.
- Құрылыс алаңы – 3,5 га
- Жасыл желек – 700-ден астам ағаш көшеттері

Мәдениет үйлерінің құрылысы



Аққыстау ауылы

- 2015 жылы ашылды
- Бір мезгілде 400-ге дейін келушіні қабылдай алады
- 12 шығармашылық секциясы бар



Есбол кенті

- Құрылыс мерзімі – 2016-2017 жж.
- Бір мезгілде 300-ге дейін келушіні қабылдай алады



Индорбор кенті


- Құрылыс мерзімі – 2016-2017 жж.
- Бір мезгілде 400-ге дейін келушіні қабылдай алады



Бөдене кенті

- Құрылыс мерзімі – 2016-2017 жж.
- Бір мезгілде 200-ге дейін келушіні қабылдай алады





Атырау облысында 1999 жылдан бері ТШО ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған жобалардың жалпы құны –

200

млн АҚШ доллары шамасында

1999 жылдан 2016 жылға дейінгі аралықтағы «Игілік» бағдарламасының жобалары

1999

Атырау қаласында Жайық өзенінің үстімен өтетін көпірді қалпына келтіру
Атырау қаласындағы тұрғын үйлерді қайта жаңғырту

2000

Құлсары қаласында жолдарды жөндеу
Атырау қаласында ғимараттардың қасбеттерін жаңарту
Атырау қаласында Жайық өзенінің жағалауын қайта жаңғырту
Атырау қаласында Атырау университетіне жапсарлас құрылыс

2001

Атырау қаласындағы №4 ықшамауданда 1200 орындық №30 орта мектеп құрылысы
Құлсары қаласында каналды абаттандыру – жобалау және құрылыс
Құлсары қаласында сумен жабдықтау және кәріз желілерін жетілдіру
Құлсары қаласының тұрғындары үшін ауыз су төлемін өтеу
Құлсары қаласында 75 орындық аурухана құрылысы
Құлсары қаласында көп қабатты үйлердің жылыту жүйесін жөндеу
Радио және теледидар таратқыштар сатып алу және орнату

2002

Атырау қаласындағы №4 ықшамауданда 1200 орындық №30 орта мектеп құрылысы
Құлсары қаласындағы тұрғын үйлердің жертөле тораптарын жөндеу
Атырау қаласындағы тұрғын үйлердің жертөле тораптарын жөндеу
Ақкиізтоғай және Қарағай ауылдарын газбен жабдықтау (Жылыой ауданы)
Құлсары қаласындағы аурухана үшін жабдықтар
Құлсары қаласында қазандық және жылыту жүйесін жөндеу
Құлсары қаласында қоғамдық орындарды асфальттау және абаттандыру
Құлсары қаласында 75 орындық аурухана құрылысы
Құлсары қаласында пәтер шатырлары мен үй қасбеттерін жөндеу
Құлсары қаласында сумен жабдықтау желісін жөндеу

2003

Атырау қаласындағы ықшам ауданда 624 орындық мектеп құрылысы
Атырау қаласында сумен жабдықтау жүйесін жөндеу
Атырау қаласын газбен жабдықтау
Атырау қаласында Атырау мұнай және газ институтының қасбетін жөндеу
Жылыой ауданында жолдарды жөндеу
Жылыой ауданы, Құлсары қаласында шағын қазандықтар орнату

2004

Құлсары қаласындағы мектеп үшін КСС және жабдықтар
Құлсары қаласында аурухананы электрмен жабдықтау
Жылыой ауданында жолдарды жөндеу
Атырау қаласында тұрмысы төмен адамдар үшін 53 пәтер құрылысы
Құлсары қаласында сумен жабдықтау желісін жөндеу
Құлсары қаласында пәтер шатырлары мен үй қасбеттерін жөндеу

2005

Құлсары қаласында жолдарды жөндеу
Майкөмген ауылын газбен жабдықтау
Атырау қаласында СМП-136, Лесхоз, Қара өзен, Сельстрой 2-ні газбен жабдықтау
Тұрғызба ауылында ЖДА-ға жапсарлас құрылыс
Тұрғызба ауылында базар құрылысы
Құлсары қаласында аурухананы электрмен жабдықтау
Құлсары қаласында су құбыры желісі
Құлсары қаласында №6 КТМ құрылысы

2006

Майкөмген ауылын газбен жабдықтау
Атырау қаласында СМП-136, Лесхоз, Қара өзен, Сельстрой 2-ні газбен жабдықтау
Құлсары қаласында сумен жабдықтау желісі және оған арналған материалдар
Құлсары қаласында электрмен жабдықтау желілері
Жаңа Қаратон кентінде ағын суларды тазалау
Жаңа Қаратон кентінде амбулаториялық науқастарға арналған емхана құрылысы
Атырау қаласындағы коммуналдық қызметтерге қоқыс жинау машиналары, жедел жәрдем машиналары және басқа да жабдықтар
Тұрғызба ауылында базар құрылысын аяқтау
Құлсары қаласында 5 үйді әрлеу және жөндеу

2007

Құлсары қаласында №6 КТМ құрылысы
Атырау қаласында электрмен жабдықтау
Құлсары қаласында электрмен жабдықтау
Ақкиізтоғай ауылында (Жылыой ауданы) ЖДА құрылысы
Құлсары қаласында мектепке арналған жабдықтар
Құлсары қаласында емхана жобалау



2008

Атырау қаласында «Атырау Су Арнасына» жабдықтар сатып алу
Атырау қаласында электрмен жабдықтау
Атырау қаласында тарату бекеттері мен Жұмыскер қосалқы станциясының құрылысы
Құлсары қаласында №6 КТМ құрылысы (жалғастыру)
Құлсары қаласында ЖДА жобалау
Құлсары қаласында жолдарды қайта құру
Құлсары қаласында 624 орындық мектепті жобалау

2009

Жылыой ауданының емханасына медициналық жабдықтар сатып алу
Атырау қаласында №3 сүзу станциясын қайта құру
Атырау қаласында электрмен жабдықтау
Атырау қаласында тарату бекеттері мен Жұмыскер қосалқы станциясының құрылысы
Құлсары қаласында №6 КТМ құрылысы

2010

Атырау қаласында №3 сүзу станциясын қайта құру
Атырау қаласында №3 СС үшін сырттан электрмен жабдықтау құрылысы
Атырау қаласында хлорландыру станциясының құрылысы және сүзу станциясын электрмен жабдықтау
Құлсары қаласында сумен жабдықтау жүйесін қайта құруға ТЭН
Атырау қаласында электрмен жабдықтау
Атырау қаласында тарату бекеттері мен Жұмыскер қосалқы станциясының құрылысы
Құлсары қаласында сумен жабдықтау жүйесін қайта құру

2011

Атырау қаласында №3 сүзу станциясын қайта құру
Атырау қаласында хлорландыру станциясының құрылысы
Құлсары қаласында сумен жабдықтау жүйесін қайта құру
Құлсары қаласында жаңа сорғы станциясын сырттан электрмен жабдықтау

2012

Атырау қаласында электрмен жабдықтау
Жұмыскер қосалқы станциясының құрылысы
Құлсары қаласында қосымша су құбыры желілерінің құрылысы бойынша жұмыстарды жалғастыру
Құлсары қаласында 280 орындық балабақша жобалау
Атырау қаласында 280 орындық балабақша жобалау
Атырау қаласында 624 орындық орта техникалық мектеп жобалау және салу

2013

Құлсары қаласында қосымша су құбыры желілерінің құрылысы бойынша жұмыстарды жалғастыру
Атырау қаласында 624 орындық орта техникалық мектеп құрылысы

2014

Құлсары қаласында қосымша су құбыры желілерінің құрылысы бойынша жұмыстарды жалғастыру; барлығы 262 км тартылды
Құлсары қаласындағы «Достық» ықшамауданында қоғамдық саябақты жетілдіру

Құлсары қаласындағы «Жансая» ықшамауданында қоғамдық саябақты жетілдіру
Исатай ауданы, Аққыстау ауылында 400 орындық мәдениет үйінің құрылысы
Атырау қаласында дарынды балаларға арналған 320 орындық ұлттық гимназия құрылысы
Жаңа Қаратон кентінде 280 орындық балабақша құрылысы
Атырау қаласында 280 орындық балабақша құрылысы
Махамбет ауылында 280 орындық балабақша құрылысы
Атырау қаласында 624 орындық орта техникалық мектеп құрылысы

2015

Құлсары қаласында қосымша су құбыры желілерінің құрылысы. Барлығы шамамен 262 км тартылды
Исатай ауданы, Аққыстау ауылында 400 орындық мәдениет үйінің құрылысы (аяқталды)
Атырау қаласында Ретро саябақ құрылысы (бастау)
Жаңа Қаратон кентінде 280 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Атырау қаласында 280 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Махамбет ауылында 280 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Шоқпартоғай ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Тұрғызба ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Қосшағыл ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Ақкиізтоғай ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Атырау қаласында дарынды балаларға арналған 320 орындық ұлттық гимназия құрылысы (жалғастыру)
Атырау қаласында 624 орындық орта техникалық мектеп құрылысы (жалғастыру)

2016

Атырау қаласында дарынды балаларға арналған 320 орындық ұлттық гимназия құрылысы (аяқталды)
Атырау қаласында 624 орындық орта техникалық мектеп құрылысы (жалғастыру)
Жаңа Қаратон кентінде 280 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Атырау қаласында 280 орындық балабақша құрылысы (аяқталды)
Махамбет ауылында 280 орындық балабақша құрылысы (аяқталды)
Шоқпартоғай ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (аяқталды)
Тұрғызба ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Қосшағыл ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (жалғастыру)
Ақкиізтоғай ауылында 160 орындық балабақша құрылысы (аяқталды)
Ақкиізтоғай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы (бастау)
Шоқпартоғай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы (бастау)
Жаңа Қаратон кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы (бастау)
Құлсары қаласында 290 орындық №1 балабақша құрылысы (бастау)
Құлсары қаласында 290 орындық №2 балабақша құрылысы (бастау)
Индербор кентінде 400 орындық мәдениет үйінің құрылысы (бастау)
Атырау қаласында Ретро саябақ құрылысы (жалғастыру)
Бөдене ауылында 200 орындық мәдениет үйінің құрылысы (бастау)
Есбол ауылында 300 орындық мәдениет үйінің құрылысы (бастау)
Ынтымақ кентінде 120 орындық орта мектеп құрылысы (бастау)
Атырау қаласында 624 орындық орта мектеп құрылысы (бастау)
Қосшағыл кентіндегі саябақ үшін техникалық су құбыры

ИГІЛІК

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ЕРІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



«ИГІЛІК» ЖОБАЛАРЫНЫҢ КАРТАСЫ

Шілде, 2016 ж.

